ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жыл 28 маусым №5265-24-00-2/1630 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.М.Қонысбаева., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Дара кәсіпкер «Қарсыбай» Алмас Ғабитұлы Қарсыбай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Қарсыбай» Алмас Ғабитұлы Қарсыбайды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Қарсыбай» Алмас Ғабитұлы Қарсыбайдан Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 9 126 (тоғыз мың бір жүз жиырма

Құжатқа қол қойылған: Қонысбаева Д. М., 28.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Қонысбаева Д. М., 12.08.2024

алты) теңге тұрақсыздық айыппұл және 274 (екі жүз жетпіс төрт) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығысы өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Қарсыбай» Алмас Ғабитұлы Қарсыбайдан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.М.Қонысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 28.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Конысбаева Д. М., 12.08.2024
5265-24-3-1/1705